

## 2012 жылы халықтың нысаналы топтарын анықтау туралы

Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 541 қаулысы. Қостанай облысы Таран ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 30 желтоқсанда № 9-18-155 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағы 14) тармақшасына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 5, 7-баптарына сәйкес және халықтың нысаналы топтарын жұмыспен қамтуға жәрдемдесу мақсатында Таран ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғалардың мынадай тізімі анықталсын:

- 1) табысы аз адамдар;
- 2) жиырма бір жасқа дейінгі жастар;
- 3) балалар үйлерінің тәрбиеленушілері, жетім балалар мен ата-ананың қамқорлығынсыз қалған жиырма үш жасқа дейінгі балалар;
- 4) кәмелетке толмаған балаларды тәрбиелеп отырған жалғыздікті, көп балалы ата-аналар;
- 5) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен асырауында тұрақты күтімді, көмекті немесе қадағалауды қажет етеді деп танылған адамдар бар азаматтар;
- 6) зейнеткерлік жас алдындағы адамдар (жасына байланысты зейнеткерлікке шығуға екі жыл қалған);
- 7) мүгедектер;
- 8) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері қатарынан босаған адамдар;
- 9) бас бостандығынан айыру және (немесе) мәжбүрлеп емдеу орындарынан босатылған адамдар;
- 10) оралмандар;
- 11) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарын бітірушілер;
- 12) жұмыс беруші-заңды тұлғаның таратылуына не жұмыс беруші-жеке тұлғаның қызметін тоқтатуына, қызметкерлер санының немесе штатының қысқаруына байланысты жұмыстан босатылған адамдар;
- 13) жиырма бір жастан жиырма тоғыз жасқа дейінгі жастар;
- 14) уәкілетті органдарда жұмыссыз ретінде жұмыспен қамту мәселесі бойынша тіркелген елу жастан асқан адамдар;

15) ұзақ уақыт (бір жыл және одан астам) жұмыс істемеген азаматтар;  
16) техникалық және кәсіби білім беру, орта біліммен кейінгі ұйымдарды  
б і т і р у ш і л е р .

17) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қостанай облысы Таран ауданы әкімдігінің  
2012.04.16 № 181 (алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. "Таран ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар  
бөлімі" мемлекеттік мекемесі халықтың нысаналы топтарына жататын тұлғаларды  
жұмыспен қамтуды жүргізсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң  
қолданысқа енгізіледі.

*Таран ауданының әкімі*

*А. Бондаренко*